

Койгельдина Гульмира Тулепбековна
ҚР, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы
Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушыларының көркем жазуын қалыптастыру

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Көркем жазудың мақсаты – дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор. Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика – графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларын көркем жазу дағдыларына үйрету осы жұмыстың өзектілігіне айналып отыр. Мектепке алғашқы келген күннен бастап баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр – салақ қарауына,

жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез – құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Бірақ бұл үрдіс баяу қалыптасады. Мұндай мақсатқа жету көптеген талаптарды орындаумен тікелей байланысты. Көркем жазу пәнінің алғашқы сабақтарында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруі шарт. Әсіресе, мектепке алғаш келген бірінші класс оқушылары дұрыс отыру ережесін орындауға бірден төселіп, көңіге алмайды. Баланың еркін қозғалып, жиі қимыл жасап отыруы табиғи қажеттілік екені белгілі. Сондықтан мұғалім жазу барысында, біршама уақыт өткен соң, ара-тұра қозғалыс минуттарын өткізіп тұруға тиіс, сол сияқты, дәптерді стол үстіне дұрыс орналастырып, қаламды дұрыс ұстау икемділігі үлкен төзімділікті, мұғалім тарапынан ұдайы қадағалауды, сыныппен, ондағы әрбір оқушымен жалықпай жұмыс жүргізуді керек етеді. Аталған ережелерді меңгергеннен кейін, оқушылар кіші әріптер мен бас әріптерді жазуға көшеді. Әріптерді сөз ішінде бір-бірімен дұрыс байланыстырып қоса білуді үйренеді. Сауат ашу кезеңі біткен соң, әріптерді дұрыс таңбалап жазуды қалыптастыру мақсатымен көркем жазу сабақтары жүргізілуге тиіс. Бастауыш мектептердің алдына қойылатын жауапты міндеттердің бірі – оқушылардың таза, көркем жазуын қалыптастыру. Өйткені каллиграфиялық мәдениет жалпы жазу мәдениетінің аса қажетті саласы екені белгілі. Жазудың әдемі, көркем болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой-өрісін дамытуға мейлінше әсер етеді. Көркем жазу ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбексүйгіштікке баулиды. Оқушыларды көркем жазуға үйрету бастауыш сынып ұстаздарына тікелей байланысты.